

## Шымкент қаласының жеке құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2010 жылғы 15 қыркүйектегі N 39/351-4с шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қыркүйектегі N 1475 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 қазанда N 14-1-123 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шымкент қалалық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Әл-Фараби ауданындағы солтүстік-шығыс жағынан Қабанбай батыр даңғылымен, солтүстік-батыс жағынан Әйтеке би көшесімен және оңтүстік-батыс жағынан Ерманов көшесімен шектелетін аумақ Тәуелсіздік алаңы деп аталсын.

2. Еңбекші ауданындағы солтүстік жағынан Машат көшесімен, оңтүстік жағынан Жібек жолы даңғылымен, оңтүстік-шығыс жағынан Е.Спатаев көшесімен шектелетін аумақ **Ұлағат** шағынауданы.

Еңбекші ауданындағы солтүстік жағынан Жібек жолы даңғылымен, солтүстік-батыс жағынан Бурабай көшесімен, оңтүстік-шығыс жағынан Жаңажол көшесімен шектелетін аумақ **Мирас** шағынауданы деп аталсын.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,*

*қалалық мәслихат хатшысы*

*Ж.Махашов*

*Шымкент қаласының әкімі*

*А.Жетпісбаев*